

“Фермаға саяхат”



“Байтерек” бөбекжай-балабақшасы
тәрбиеші Искалиева Б.К.

II кіші тобында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру.

Тақырыбы: «Фермаға саяхат»

Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыру. Үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.

Қажетті құрал – жабдықтар мен көрнекіліктер: үй жануарларының бейнелері, жануарлардың пайдасын бейнелейтін суреттер, мольберт, үйлестірмелі материалдар.

Сөздік жұмыс: ферма.

Білімді өзектендіру:

-Ферма дегеніміз не?

-Фермада қандай жануарларды ұстайды?

Үй жануарлары және олардың пайдасы туралы әңгіме.

-Ферма – барлық үй жануарларын өсіріп, ұстайтын шаруашылық орын. Үй жануарларын адам күтіп , баптайды. Жануарлардың еті, сүті, – азық, ал жүнінен, терісінен тұрмысқа қажетті заттар жасалады.

Үй жануарлары деп- үйде ұстайтын жануарларды айтамыз. Олар мыналар: қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы, ит, мысық.



“Фермаға саяхат”



Үй жануарлары туралы өлеңдер оқу.

-Өлең ненің төлі туралы?

-Ешкінің қандай пайдасы бар?

Ешкінің еті, сүті – тағам, түбітінен киім тоқиды

-Сиырдың қандай пайдасы бар?

-Сиырдың сүті, еті – тағам. Сүтінен ірімшік, құрт, айран, май алады.

Терісінен тұрмысқа қажетті заттар жасайды.

-Тағы қандай үй жануарларын білесіңдер?

“Мәә-мәә” деген әні бар,
Жібек тоны сәні бар.
Қошақаным момақан,
Сүйкімді бір жануар.

“Мее-мее” деген әні бар,
Байқамасаң жамырар.
Секеңдеген лағым,
Бір тынымсыз жануар.


“Бөө-бөө” деген әні бар,
Енесін тез сағынар.
Жібек жүнді ботақан,
Мөлдір көзді жануар.

“Күмбір-күмбір” әні бар,
Желпілдеген жалы бар.
Желдей жүйрік құлыншақ,
Желмен шапқан жануар.

“Мөө-мөө” деген әні бар,
Үй маңынан табылар.
Мөңіреген бұзауым,
Маған үйір жануар.








Түйенің төлі-ботақан.
Жылқының төлі-құлын.
Сиырдың төлі-бұзау.
Ешкінің төлі-лақ.
Қойдың төлі-қозы.







Жұмбақ

Екі айнасы бар,

Екі найзасы бар.

Төрт жылтырмағы бао,

Бір шыбыртқысы бар.

(сиыр)



Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоңы бар.
(қой)




Қамыс құлақ,
Тостаған тұяқ,
Мінсең қанат,
Сүті дәрі
Еті тамақ.
(ЖЫЛҚЫ)





Адамға серік,
Күзетке берік.
(ИТ)

Не қалай дауыстайды?
Қой-маңырайды-мә-мә-мә.
Сиыр-мөңірейді-мө-мө-мө.
Жылқы-кісінейді-и-һо-һо.
Түйе-боздайды-бух-бух-бух.
Ешкі-бақырады-бе-бе-бе.
Ит-үреді,ырылдайды,арсылдайды,
қынсылайды.
Мысық-пырылдайды,мияулайды



Сергіту сәті.

Топ-топ түсін төрт түяк,
Шоқырақтап шап, атым.

Күйрек жалың сусылдап,
Үш оғындай садақтың.


Өзен кешіп, тау асып,
Шабысыңнан танба сен.

Дүрсілдегіп дүркіреп,
Бітқып-бітқып заула сен.



Дидактикалық ойын “Төлін тап”
Шарты: Үй жануарларының төлін
тауып беру.

“Төлдерін тап”



Сұрақ – жауап әдісі арқылы оқу іс – әрекетін қорытындылайды.

-Үй жануарларын атаңдар.

-Неге адамдар жануарларға күтім жасайды?

-Оларды қандай пайдасы бар?



Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: төрт түлікке байланысты берілген тапсырмаларды;

Түсінеді: үй жануарларының адам өміріндегі маңызы;

Қолданады: жалпы үй жануарлары туралы мәліметтерді оқу іс - әрекеттерінде.

